

ШЕШЕНДІКТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЛИНГВОҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕҮБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Шешендіктану/риторика/ ғылымының лингвоқұрылымдық жүйесі-аса күрделі де қызғылықты. Көз алдымызға сан тарау бұтақты, алып бәйтерек елестейді. Аксиомалық қағида белгілі бір ғылым саласына терең үнілу зерттеушінің қызыға ұмтылушылығы болмай нәтиже бермек емес. Десек те, бізге қажеттісі - мәселенің танымдық жағы, яғни ойымызға еселеп ой қосу, нәтижеде шешендіктану ғылымының табиғатын таразылау. Осы мақсаттан туындата келіп, төменде шешендіктану ғылымының лингвоқұрылымдық жүйесіне қатысты кейбір мәселелер мен бұл реттегі теориялық қағидаларды жұғысты етер тәжірибелік тапсырмалар жүйесіне тоқталуды жөн көрдік.

Көптеген данагөй ғұламаларымыз кейінгі ұрпаққа қалдырған афоризм үлгісіндегі мұраларында адам баласы сөзінің құдіреттілігіне, сиқырлығына, таңғажайып құпиялылығына бас иеді. Жалпы шешендіктанудың лингвоқұрылымдық жүйесінде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін аңғартар қанатты сөздердің, афоризмдердің өзіндік орны бар.

Сөз қоғам дамуының өзгерісін аңғартады және оның ілгері дамуына мүмкіндіктер тудырады. Сөз адамдардың санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін ,оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, азаматтарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың рөлін атқарады.

Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу-адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қасиеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам өмірі мағынасыз. Сөз - адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына , әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі де (2,4). Сөз құдіреті хақындағы афоризмдердің бірер шоғырын былай топтар едік: 1. Басқа амандық, табыс күтсең ісіңнен, жарамсыз бір сөз шығарма тісіңнен. (Ж.Баласағұни). 2. Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын.(Сократ).3. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап: алтынды мыс, мысты алтын

етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балкытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлете алады... Мұралардың ең қымбаты- сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады. Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты кара, қараны ақ етуге жетеді. Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды. (Ғ.Мұстафин), 4. Сөз - ұлы күш, өте кішкентай, тіпті елеусіз бола тұра ғажап нәрселер жасай алады. (Августин Аврелий);5. Сөз-ұлы нәрсе. Ұлы дейтін себебіміз- сөзбен адамдарды біріктіруге болады, жауластыруға да, жеккөрінішті етуге де болады. Адамды біріктірмейтін, бөлетін сөзден сақтаңыздар (Л.Н.Толстой);6. Адамның сөзі – оның тұтас алғанда өзі де... Сөз- жеке тұлғаны кең тұрғыда танытар мінез- құлықтың бірліктегі бөлігі (Поль Л. Сопер); 7. Қашан да бізді атқарған ісімізге, қалып-күйімізге, сөйлеген сөзімізге және қалай сөйлеген сөзімізге қарап бағалайды. (Дейл Карнеги) Сұрақтар мен тапсырмалар:1) Сөз-адамға әсер ету құралы. 2) Сөз дегеніміз- адамның сәулесі. Сен осы түйіндермен келісер ме едің? Сөзінді дәлелде; Қай кезеңде де сөз сөйлеу білігін жоғары бағалануы неліктен? Сен шаршы топа алдында еркін сөйлеу білуді, әріптесіңді әңгімеге тартуды, диалогтасушына өзіңнің дұрыстығыңды дәлелдеп пікірталастыра әрі сендіре алуды жете білу аса қажетті де маңызды деп есептейсің бе? Жауабыңды дәлелде.

Шешендіктану пәні туралы. Сан мың жылдар ағымындағы риториканың даму барысында оның орны мен мәніне орай түрлі көзқарастар алмасты. Мәселен, ежелгі Грецияда риторикаға сендіре білу өнері, ежелгі Римде жақсы сөйлеу өнері, Орта ғасырда, қайта өрлеу дәуірінде сөйленер сөзді әдемілеу өнері ретінде танылды. Сәйкесінше, әр кездегі түйіндер әр түрлі. Кейбірі: 1. Шешендік - сөз дәнекершісі (Коракс). 2. Шешендік - диалогтасушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. (Ж. Лабрюйер); 3. Риторика - әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу қабілеттілігі. (Аристотель); 4. Риторика дегеніміз-жақсы сөйлеу өнері. (Квинтилиан); 5. Шешендік дегеніміз - кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу және сонысымен өзгелерді өз ойыңа ойыстыра білу (М.Ломоносов). 6. Шешен сөз мақсаты- негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру (А.Байтұрсынұлы). Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Ұсынылған түйіндердегі шешендіктануға қатысты көзқарасты анықтаңыз. Ж.Лабрюйер, М.В.Ломоносов, А.Байтұрсынұлы пікірлеріндегі сәйкестілік, үндестік неден байқалады?

Айналадағы кез келген зат не құбылыс туралы шебер сөйлеуге болатындығы жөнінде өз ойыңызды айтып көріңіз. 2. Антикалық дәуірден бері риториканың / шешендіктану/ әрі ғылым, әрі өнер ретінде

қарастырылуының себебі неде? Шешендіктанудың қай қырлары ғылымға, қай қырлары өнерге сәйкестендіріледі? 3. Шешендіктану дегеніміз – межелі мақсатқа орайлас үндесе өрілген әсерлі тұрғыда сөз сөйлеуге қатысты теориялық және практикалық шеберлік жиынтығы. Шешендіктануға орай ұсынылған анықтамадағы «мақсатқа орайлас», «үндесе өрілген», «әсерлі сөйлеу» дегенді қалай түсінесің?

Шешендіктанудың (риторика) жіктелімі. Пайда болу және өмір сүру кезеңіне сәйкес шешендіктану жіктелімі әр қилы. Мәселен классикалық шешендіктану (біздің жыл санауымызға дейінгі (5-19ғ) және неориторика (20ғ. Ортасынан соңына дейін); тек-түріне орай жалпы (шешендік сөздің қалыптасуының жалпы заңдарын қарастырады) және жеке (шешендік сөздің әртүрлі жанрлық ерекшеліктерін қалыптасу заңдылықтарын елпекшейді); негізгі оқу міндеттеріне орай теориялық (білім негіздерінен хабардар етеді) және практикалық (білік-дағдыларын қалыптастырады); жанрлық қамтылу көлеміне қарай кең деңгейлі (ауызша және жазбаша жанрларды қамтиды) және тар деңгейлі (тек ауызша сөйлеу жанрлары ғана қамтылған) шешендіктану тұрғысында жіктеледі. Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Классикалық риториканың құлдырай бастауына не себеп болды? Риториканың қайта өркендеуіне сенің көзқарасың? Қазіргі таңдағы риторикаға (тар не кең деңгейлі) көзқарас қандай? Жазбаша сөйлеу шеберлігі және ауызша сөйлеу шеберлігі жетекші рөл атқаратын мамандық салаларын атаңыз; 3. Сіздің мамандығыңыз үшін терең меңгеру қажеттілігін туғызатын шешендіктану саласын атаңыз.

4. Шешендік сөздің негізгі түрлері. Қазіргі кезде шешеннің айналысар іс-әрекет саласына, сөйленер сөздің жалпы тақырыбына және шешеннің алғы мақсатына байланысты шешендік сөздер де әр түрлі болады. Десек те, шешендік сөздердің басты түрлері әлдеқашан сараланған. Олар: әлеуметтік-саяси, академиялық, іскерлік шешендігі. Бұлайша жіктеудің негізіне сөйленер сөздің әлеуметтік-функционалды белгілері алынған. Әрбір шешендіктің тегі сөз сөйлеудің әлеуметтік көзқарас тұрғысындағы атқарар функцияларына байланысты іштей белгілі бір сөз түрлерін біріктіреді. Мәселен, әлеуметтік саяси шешендікке - әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық тақырыптағы баяндамалар, есеп тұрғысындағы баяндама, саяси сөз, дипломатиялық сөз, саяси шолу, митингілік сөздер; Академиялық шешендікке – жоғары оқу орнындағы дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама; Сот шешендігіне-прокурорлық немесе айыптау мақсатындағы сөз, қоғамдық қорғау сөзі, адвокаттық немесе қорғану мақсатындағы сөз, қоғамдық қорғау сөзі, айыпталушының өзін-өзі қорғау сөзі; Әлеуметтік-тұрмыси шешендікке – мерейтойлық сөз, стол басындағы сөз(тост), көңіл айту сөзі(қабір басындағы сөз; Діни шешендікке – құдайға сыйыну, мешіттегі сөздер жатады.

Шешендіктің барлық түрлерін түгел қамтымаса да, қазіргі

шешендік сөздерді бұлайша жіктеу негізінен біршама толық әрі дұрыс болып табылады. Десек те, мұнда дискуссиялық және полемикалық сөз түрлері, реплика, пресс-конференциялардағы жауап, «дөңгелек үстел» басындағы сөз секілді шешендік сөздің тиімді формалары, сондай-ақ радио мен теледидарда қолданылар шешендік түрлері көрініс таппаған.

Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, академиялық, сот, діни түрлеріне қоса шешендікті әлеуметтік-саяси шешендіктің бір түрі ретіндегі парламенттік шешендік; дипломатиялық шешендік (халықаралық конференциялардағы сөз не дипломатиялық ант үрдісіндегі сөз); әскери-саяси тақырыптағы сөз сөйлеу, рухтандырушы сөз); сауда шешендігі (жарнама); дәріс-насихат шешендігі (ғылыми-теориялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми-әдістемелік дәрістер, кинодәріс, дәріс-саяхат, дәріс-концерт, дәріс-ақпарат, репортаж, естелік, инструктаждық көрсетілім); диалогтық шешендік (жүзеге асырылу формалары: сөзталас, пікіралмасу, ойталқы, әңгіме, іскерлік мәжіліс, сұхбат. Пресс-конференция, іскерлік ойындар, « дөңгелек үстел», сұрақ-жауап кеші) тұрғысында да жіктеуге болар еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Төмендегі сөйлесу жанларын шешендік топ түріне қарй топтаңыз : ғылыми баяндама, шабуыл (шайқас) алды сөз, митингідегі сөз , даттау сөзі, сабақ үдерісіндегі мұғалім сөзі, діни үгіт-насихат сөзі, БҰҰ мәжілісіндегі елші сөзі, тағам үстіндегі сөз, жұмыс есебі, қолдау (қорғау) сөзі, түлектерге құтты қадам тілеу сөзі, кәсіпорынның болашақ дамуы туралы сөз, қаралы жиындағы сөз (мәйіт басындағы сөз); 2. Төмендегі аттары аталған атакты шешендер шешендіктің қай түрінің өкілдері: А.Ф.Кони, Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, Ф.Н.Плевако, Қ.Жұбанов, В.О.Ключевский, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Н.Ә.Назарбаев, Ә.Кекілбаев, Ә.Дербісалин; 3. Белгілі бір шешендердің (мәселен, Демосфен, Цицерон, Қ.И. Сәтбаев, М.О.Әуезов), сөз мәтіндерін бере отырып, ол сөздерді шешендіктің қай түріне қосуға боларын анықтау.

5. Шешендіктанудың өзге ғылым салаларымен байланысы. Шешендіктану-тарихи құбылыс, яғни белгілі бір уақытқа, қоғамға сәйкес өзгеріп отырады. Осы орайда М.Т.Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс», - дейді.(1,47). Демек, шешендіктану - күрделі синтетикалық қалыпқа ие. Ол тіл білімі, (стилистика, сөйлеу мәдениеті, тілдік қатынас теориясы), философия, психология, логика, этика, поэтика, актерлық шеберлік және тағы басқа ғылым салаларымен байланысты. Әрине, түрлі саладағы мамандар шешендікті қилы тұрғыда қарастырады. Мәселен, лингвистика ауызша сөйлеу мәдениетінің теориясын қарастырып, шешендерге шаршы топ алды сөйлеуде туған тіліміздің байлығын қалай қолдану турасында кеңестер береді. Психология ауызша сөз сөйлеуді қабылдау, сөйлеген сөздің ұжымдық

санаға әсерінен туындар мәселелерді қарастырып, адамдарға тән шешендік тұлға мен аудитория психологиясын зерделейді. Логика шешендерді өз ойын үйлесімді де жүйелі баяндау, ұсынылып отырған мәселенің шынайылығын дәлелдеу мен жалған түйінді жоққа шығару бағытындағы дұрыс ойлау амалдарына үйретеді. Міне, осы бағыттас түйіндер легін жалғастыра беруге болар. Қысқасы, шешендіктанудың өзге ғылым салаларымен байланысын білу аса қажет. Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Сен қалаған мамандыққа шешендіктанудың тигізер көмегі қандай? 2. Орыс ғалымы М.В.Ломоносовтың сөзіне сүйенсек, кім-кімге де шешендік шеберлікті терең меңгеру үшін табиғи қабілет, ғылым, риторикаға еліктеу, белгілі тақырып негізінде сөйлеп жаттығу және ғылым салалары туралы білу талап етіледі. (2,45-46). Шешендіктанудың философиясымен, логикамен, психологиямен, этикамен байланысын дәлелденің; 3. «Шешен актер емес» тезисін жоққа шығар не дәлелде; 4. Орыс тілінің белгілі зерттеушісі В.В. Виноградов: «Шешендік сөз - синкретті жанр». Ол бір мезгілде әдеби шығарма да, сахналық көрініс бола алады» (3,106) –деп жазады. Шешендіктанудың поэтика мен актерлік шеберлікпен байланысын негізденің.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану: Оқу- әдістемелік құрал.- Орал: «Ағартушы» баспа-лингвистикалық орталығы, 2008. -84б
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. –Орал, «Ағартушы» баспа-лингвистикалық орталығы.
3. Культура русской речи: Учебник для вузов/ под ред. Л.К. Граудиной, Е.Н. Ширяева. –М., 1998
4. Мұратова Г.А. Абай тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі. Филология ғыл. док. ғыл. дәрежесі... диссер... авторефераты . Алматы, 2009. 50 бет
5. Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РООССА», 2007.-814с

* * *

В статье говорится о волшебном свойстве слова, о предмете «Риторика», об основных видах ораторского искусства, о связях ораторского искусства с другими видами наук.

После каждой подтемы предлагаются вопросы и задания.

* * *

In the article «Some Aspects of Speaker's Art Science» it is informed about the magic means of word, about the subjects of ritorika, about main aspects of orator's mastership, about connections of speaker's art with other kinds of Sciences After each subtopic there are questions and tasks.